

**Жолтаева Айбарша Сержанқызының 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Жобалардағы білімдерді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША СЫН ПІКІРІ**

P/c	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (нұсқалардың бірін белгілеу міндетті)	Ресми рецензенттің ұстанымының негізделуі
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымының даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе мақсатты бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</u> (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары» шеңберіндегі міндеттерге сәйкес орындалған. Атап айтқанда, 3-міндет «ШОБ-тың өсуі мен дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту». Зерттеу базасын таңдауға және осы жұмыстың проблемасын тұжырымдауға қазіргі уақытта Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан шағын бизнес кәсіпорындарын ШОБ-тің неғұрлым жоғары санатына көшіру мақсатында жандандыру міндеті әсер етті.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u> қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы <u>ашылған</u> ашылмаған	Диссертациялық жұмыста қоғамның заманауи дамуының басты тенденцияларының бірі ақпарат пен білім рөлінің артуы екендігі айқындалған. Білімді басқару бизнеске қосылған құнды қамтамасыз етеді. Қазіргі жағдайда

			<p>білім алмасу тек ұйымда ғана емес, сонымен бірге осы ұйымның жеке жобасында да пайда болатын экономикалық игіліктің тиімділігі мен сапасын едәуір арттыра алады. Сонымен қатар білім алмасу табысты инновациялық процестің негізгі факторларының бірі болып табылады. ҚР-да қазіргі таңда бизнес субъектілерін осы бағыттағы сапалы деңгейге көшіру мақсатында білімдерді басқаруды жандандыру өзекті. Диссертациялық жұмыста осындай дамытудың басты құралы ретінде ұйымның ағымдағы қызметі барысында жаңа бәсекеге қабілетті білімді қалыптастыру процесі қарастырылады. Білімді басқару тиімділігі жоғары жобаларды құруға мүмкіндік береді.</p> <p>Қазақстанда мемлекет басшысының тапсырмаларын тиімді шешу үшін өзгерістер мен тәуекелдерді басқарудың ерекше құралы ретінде жобалық басқару жүйесі басшылыққа алынып отыр.</p> <p>Осы тұрғыдан алғанда жобалардағы білімдерді тиімді басқару мәселесіне арналған зерттеу тақырыбы өте өзекті және елімізде мемлекеттік және жеке жобаларды басқару тиімділігін арттыруда пайдалануға және бәсекелік нарықтың қарқынды өзгеруші шарттарына бейімделуде уақытылы болып табылады.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автордың өзі жазу деңгейі жоғары. Оны әдеби деректерді талдаудан, жобалардағы білімдерді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау бойынша зерттеулер жүргізуден, ұйымдар білімінің өсуін өлшеудің авторлық критерийлер жиынтығын ұсынудан байқауға болады.
4	Ішкі бірлік қағидаты	4.1 Диссертация өзектілігінің негізделуі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігін негіздеп, нақтылау үшін автор шетелдік және отандық әдеби дереккөздерге жан-жақты шолу жасады. Нақтылайтын болсақ, әлемдік ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған білімді басқаруға

		байланысты мәселелерді зерделеу үшін терең библиоликалық талдау жасалды. Ең көп зерттелген - айқын білімді басқару процесі екені анықталды. Ұйымды дамыту/трансформациялау жобасын басқару процесінде жаңа білім қалыптастыру мәселесі аз зерттелгені айқындалған.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындайды.
	4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері дұрыс айқындалған және зерттеу тақырыбын толығымен ашады.
	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері және ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыда байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың кіріспесі және қорытындысы, барлық бөлімдері, тараулары, сондай-ақ ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары логикалық түрде байланысқан, зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.
	4.5 Автор ұсынған шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерден салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) жартылай талданған; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың	Диссертациялық жұмыста ұсынылған жаңа шешімдер (қағидаттар мен әдістер) жеткілікті дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде сыни талданған.

		сілтемелеріне негізделген.	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен шешімдер жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% жаңа болып табылады).	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор жаңа ғылыми негізделген нәтижелер алды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұйымның дамуын басқару алғаш рет топ-менеджерлер тобы жүзеге асыратын үздіксіз зерттеу процесі ретінде қарастырылады, оның құрамына бірінші басшы кіреді. Аталған контекстте мәселе алғаш рет қарастырылып отыр.</li> <li>- басқарудың тиімділігін бағалау үшін Insight - DNA отандық технологиясына негізделген шешім қабылдау процесінде жеке тұлғалардың, адамдар тобының мінез-құлқын эмпирикалық зерттеуге және сипаттауға негізделген бағалаудың сипаттамалық зерттеу әдістері қолданылады.</li> <li>- ұйым басшысының дамуын бағалау үшін негізгі страталар ретінде «жұмыс», «тұрмыс», «денсаулық», «бос уақыт» және «өзін-өзі дамыту» метрикалары пайдаланылады.</li> <li>- білімді басқару теориясында жаңа категориялар мен жіктеулер және білімнің өсуін өлшеу критерийлері ұсынылды.</li> </ul> <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерінің негізділігі мен дұрыстығы күмән тудырмайды.</p>
		5.2 Диссертация қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% жаңа болып табылады).	<p>Диссертация бойынша тұжырымдалған қорытындылар толығымен жаңа, нақты, теориялық және тәжірибелік тұрғыда негізделген болып табылады.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа, теориялық және тәжірибелік тұрғыда маңызға ие,</p>

		1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% жаңа болып табылады).	жеткілікті түрде негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен <u>негізделген</u> негіздел меген	Диссертацияда қарастырылған және қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар негізді түрде дәлелденген. Зерттелетін процестердің заңдылықтары мен ерекшеліктері жобалардағы білімді басқару саласындағы заманауи білімді қалыптастыру тұрғысынан қарастырылады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> . 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ. 7.4 Қолдану аясы: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> . 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста алты ғылыми тұжырым айқындалған. Олар: 7.1. дәлелденген; 7.2. тривиалды емес; 7.3. толығымен жаңа; 7.4. қолдану аясы кең; 7.5. мақалаларда дәлелденген. Диссертациялық жұмысты орындау барысында Scopus деректер базасына енетін халықаралық ғылыми журналда - 1 мақала; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланған басылымдарда - 3 мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда – 7 мақала жарияланған.
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама толық сипатталған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияны талдау автордың зерттеу әдіснамасын дұрыс және негізді таңдағанын көрсетеді. Талдауларды жүргізу кезінде деректерді алу, өңдеу және интерпретациялау үшін заманауи әдістерді және компьютерлік бағдарламаларды қолдануы алынған нәтижелердің сенімді екенін растайды.
		8.2 Диссертация	Зерттеу барысында

		<p>жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>библиометриялық талдау, кілт сөздерді талдау, жалпылау, салыстыру, талдау, синтез, жіктеу, сараптамалық бағалау, факторлық талдау, терең сұхбат жүргізу, негізгі компонент әдісі, сауалнама жүргізу, «Варимакс» айналдыру әдісі сияқты ғылыми әдістер қолданылды. Соның ішінде, библиометриялық талдау Clarivate Analytics базасы негізінде VosViewer бағдарламалық шешімін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Білімді қалыптастыруға ықпал ететін факторларды анықтау үшін Google Forms платформасында сауалнама жүргізіліп, деректер SPSS бағдарламалық шешімін пайдалана отырып өңделді. Тереңдетілген сұхбат MIRO виртуалды тақтасында өңделді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тәжірибелік талдаулар негізінде дәлелденіп, расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) <u>ішінара расталмаған</u> 3) <u>расталмаған</u>.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Дереккөздерге сілтемелер дұрыс қойылған, олардың көбісі соңғы жылдары жарияланған жаңа жұмыстар.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> \ жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әдебиеттер тізімінде 181 дереккөз келтірілген, бұл жайт толыққанды әдеби шолу жасау үшін жеткілікті.</p>

9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Зерттеу нәтижелері әрі қарай жаңа отандық ғылыми бағыт ретінде рәсімделуі мүмкін. ШОБ ұйымдарын трансформациялау жобаларында білімді басқарудың отандық жүйесін қалыптастыруға арналған теориялық платформа құрылды. Сонымен қатар ғылыми қазақ тілі толықтырылып, жұмыс негізінде «Білімді басқару теориясының тарихы» атты өзекті курс әзірленуі мүмкін.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын келесі жайттар айқындайды:</p> <p>– зерттеу нәтижелері операциялық қызметті, жобаларды, бағдарламалар мен портфельдерді неғұрлым тиімді басқаруға ықпал ететін факторлар ретінде ШОБ дамыту үшін қолданылады;</p> <p>– жаңа білімді қалыптастыру және қолда бар білімді іздеу нәтижесінде ұйымда мәтіндік туындыларды жедел әзірлеу мүмкіндігі туындайды;</p> <p>– басқару міндеттері мен көшбасшылық қасиеттерге байланысты жаңа білімді, дағдыларды және мінез-құлық түрлерін игеруді жеделдету негізінде басқару субъектісі өзін-өзі дамытады.</p>
		<p>9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% жаңа болып табылады).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Жұмыс ғылыми стильде жазылған және қойылатын талаптарға толығымен сәйкес орындалған. Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертациялық жұмыстың мәтіні түсінікті жазылған. Алайда, жұмыста келесі кемшіліктер кездеседі:</p> <p>1. Диссертациялық жұмыстың</p>

		теориялық бөлімінде отандық ғылыми дереккөздерді кеңірек қарастырған жөн деп есептеймін. 2. Диссертация мәтінінде стилистикалық сипаттағы кемшіліктер кездеседі. Дегенмен, аталған ескертулер алынған нәтижелердің маңыздылығын төмендетпейді және жұмыстың оң бағасына әсер етпейді.
--	--	--

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жаңашылдыққа, тәжірибелік маңызға ие және «Жобаларды басқару» саласындағы ғылымға зор үлес қосады. Ғылыми жұмыс бойынша түйіндер мен тұжырымдар жобалардағы білімдерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Айбарша Сержанқызы Жолтаеваның «Жобалардағы білімдерді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін белгіленген талаптарға сәйкес орындалған, мазмұны, ғылыми жаңалықтары мен қорғауға шығарылатын ғылыми тұжырымдамалары толықтай аяқталған ғылыми зерттеудің нәтижесі болып табылады.

Жолтаева Айбарша Сержанқызының «Жобалардағы білімдерді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**ҚР Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясының  
Ақтөбе облысы бойынша филиалының  
профессоры, э.ғ.к., қауымд. профессор**



**Есберген Р.Ә.**